

VI "Мәдениеттер тоғысындағы тіл,
әдебиет, аударма және журналистика
мәселелері" атты халықаралық
ғылыми-практикалық конференция



SDU
SULEYMAN DEMIREL
UNIVERSITY

ICBCB
2014 International Conference
Building Cultural Bridges



ТОМ I
VOLUME I



April 24-26, 2014



TEM TOUR



**ALMATY
SEMA
HOSPITAL**

ZUGO.

**TURKISH
AIRLINES**

Print World



Karlygash Tourism

КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ

Өтемісова Гүлмира Жеткергенқызы

Халықаралық Бизнес Академиясы, Тілдер кафедрасының доценті м.а., филология

гылымдарының кандидаты,

Түркісіб ауданы, МОПРА №3 үй, 050003, Алматы, Қазақстан

Түйнідеме

Уақыт өте келе сөздің атау болып қалыптасуындағы бейнесі, уәжі солғынданып, тіпті, бұрынғы мағынасы тасаланып, ұмытылады. Сондықтан бұл мақалада көнерген аталымдардың басқа тілдік құбылыстардан ажырататын негізгі белгілерін уәжділік теорияларына стүйніп, анықтауға болатындығы баяндалады. Бір кезде тіпті ұмытылып кейінгі ұрпақтарға түсінкісіз көнерген аталымдар әртүрлі себептермен лексиканың активті құрамына қайта оралып, күнделікті тұрмысқа жиі қолданылатын дәрежеге жеттіп, активтенеді.

Ескерे кететін құбылыс, көнерген аталымдардың сол дауірде бірнеше мағынасы болған, ал қазір қайтадан қолданыс қа енген көнерген аталымдардың бір ғана мағынада қолданылатыны немесе бір ұғымды білдіретін көнерген аталымдардың бірнеше жаңа мағыналары кездеседі. Бұл құбылысты анықтау үшін Ерімбет пен Нұртуган шығармалары және қазіргі баспа беттерінен мысалдар келтірілді.

Кітептің мағынасы: көнерген аталымдар; уәжі; уәжділік; әдеби шығарма; ақын-жыраулар; баспа беттері; сөздердің қайта жаңғыруы; зерттеушілер.

1. Кіріспе.

Сөз мағынасының өріске тусуі қоғамның дамуымен бірге жүріп отыратын құбылыс. Белгілі тарихи кезеңдер мен уақыт сол кеңістікке сайн ұғымдық жаңаңылар әкеледі. Жаңадан шыншылған ұғымдар тілде түрлі тәсілдер арқылы, соның ішінде сөз мағынасының өзгеруі, жаңаруы арқылы іске асады. Сөз мағынасының өзгеруін тілімізде соңғы кезеңдерде бұрыннан сөздік корымызда бар атаулардың қолданыс аясы тарылып, бір кездердегі көнерген (архайзм) делінген аталымдар жаңа мағынаға ауысып, тілдік айналымға кіре бастағанынан да көруге болады.

Академик И.Кенесбаев пен F.Мұсабаев: «Сөз мағыналарының көпшілігі семасиологияның белгілі заңдылықтары бойынша жасалады. Оның бастылары: ұқсату заңы (метафоралану); функционалдық семантика заңы, бөлшектің бүтінге айналу заңы; мағыналардың кеңеюі мен тараюы» деген секілді заңдылықтардың негізінде жүзеге асатындығын атайды (Кенесбаев И., Мұсабаев F. 1975).

К.Аханов та жаңа жоқтан пайда болмайтынын, оның байырғы тілде бар жалпы жалықтық лексикадағы лексемалардың мағыналарының өзгеріске тусуінен жасалады (Аханов К. 1993) деген түйін жасайды.

Бір катар ғалымдар (F.Қалиев, Ә.Болғанбаев): «сөз мағынасының кеңеюі деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа косымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ал, сөз мағынасының тарылуы тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығып қалуын билдіреді» (Қалиев F., Болғанбаев Ә. 2006) деп нақты тұжырымдайды.

2. Уәжі және уәжділік негізінде көнерген аталымдардың қайта жаңғыруын анықтау

VI Халықаралық конференция

Халықтың ауызекі сөйлеу тілін, ғасырлар бойы шындалған ауыз әдебиетін, сондай-ақ өзіне дейінгі және өзіне тұстас қаламгерлер үлгілерін жақсы біліп, солардың тілін сарка пайдаланған ақын-жыраулар өз лексиконына қазак тілінде бұрынырақ қолданылып, өз заманында конерген немесе қонере бастаған атальнымдарды да шебер енгізген. Мысалы, *Сен хан қызы ханымға, Зайыптың келді қайымы. Әрі батыр, әрі бек Корсеткен жауга зайдыры* (*Нұртуған*). Мұндағы *зайыр* казіргі анық, жарқын сөзімен еш қатысы жоқ және осы құрамда мағынасы бұрынғы мағынасынан алшактап, қомескіленген, түп-негіз мағынасы – ақындар өмір сүрген тұста *корнекті, корсетерлік, мақтанарлық, анық* деген мәнді білдірген. Кейіннен *зайыр* – мағыналық дамуға түсken: *тәуелсіз, күмәнсіз* деген мағынада жұмсалған. Қазақ тілінің сөздігінде «*зайыр*», «*зайыры*» және «*зайырлы*» сөздерінің мағынасы айтылған: **I Зайыр – анық, айқын, ашиқ; II Зайыры – сірә, тегінде; III Зайырлы – білгір, білімдар** (Қазақ тілінің сөздігі. 2008). Араб тілінде *занирун* (блестящий, яркий, цветущий, прекрасный) жарқын, анық, айқын, тамаша, көркем деген мағынада қолданылады (Арабско-русский словарь. 1958).

Келтірілген деректердегі атальнымдарға (*зайыр*) уәж (себеп, негіз) болған негізгі қасиеті, олардың *ерекшелік, айрықшалық* белгісінің болуы және олардың *көзге корсетерлік* қасиетін көрсетеді, яғни ономасиологиялық белгісі уәжі және атаудың жасалуында ішкі мағыналық үйлесімі мағына мен тұрпатының қалыптасуына, сөйтіп атальнымның таңбалануына себеп болған. Шынында да мұндағы *зайыр* сөзі казір жоғарыда келтірілген шығармалардағы мағынасында қолданылғандай еркін қолданылмайды. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғалы кешегі қонерген атальным қолданыска қайта ене бастады. Қазіргі тілімізде *зайыр* сөзі бұрынғы тар мағынасында емес, *зайыр* зат есіміне -лы, сын есім тудыратын жүрнәк жалғанған түрінде (формасында) кең мағынада қолданыс табуда. Мысалы, *зайырлы мемлекет, зайырлы ел* т.б. Бұл жерде «*жарқын мемлекет, тауелсіз мемлекет*» деген мағынаны білдіреді. *Зайыр* сөзінің мағыналық өрісі: *анық, күмәнсіз, дәл, нақты, ашиқ* деген синонимдік қатар түзеді. *Зайыр* сөзінің өзек семасы *анық* деген сөздің негізінде пайда болған.

Ақындар шығармаларында «*байрак*» сөзі әртүрлі мағынада қолданылып, өлең жолдарын ажарландыра түсken. **Байрак – ертеде мемлекеттік және әскери санаттарда және жаугершілікте қолданылған күльттік атрибут, басқарушылардың лауазымы мен билік дәрежесінің белгісі**. Оны Ел билеушілері мен колбасшылары катысқан салтанатты рәсімдерінде, сондай-ақ, шайқас пен әскери жорыктарда арнайы тағайындалған байракшылар көтеріп жүрген. **Байрак** түп-негізін алғашкы қауымдық коғамда тайпа көсемдерінің билік белгілері болған ағаш таяқ пен асатаяқтан алады. Ал атаудың мәні «*ағаш сапқа орнатылған дәреже, белгісі*» деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз шығыс славян тілдеріне де енген. **Байрак** түріктер мен шығыс жүрттарда XVII-XVIII ғасырларға дейін қолданыста болған. Байрактың басына рәміздік заттар мен билеуші топтың дәрежесін білдірген зат тағылған: ханның дәреже белгісі – мата бау, кабыланның құйрығы болса, әскербасыларынің ат пен қодас құйрығы болған, ұшар басына айдаһар, бөрі басы, найза кескіні орнатылған.

Мәселен, Нұртуған ақынның «*Қарасай-Қази*» дастанында «*байрак*» қонерген атальнымның төрт түрлі семантикалық мағынасы қолданылған: **I** Ат бәйгесінде мәре сыйығына қадалған ағашқа орнатылған женіс белгісі. М: *Жүйрік деп айтып болмайды, Байраққа озып келмесе.* **II** Ауыс. бәйге. Бірнеше жүйрік аттың белгіленген женіс мәресін басып өтуге ариалған жарыс түрі. М: *Байраққа қосса жүрт шулайды: «Салторы жалғыз келер!» деп.* **III** Экспр. Женіс. Женіске жету үшін бар қүшін салу, басын тігу. М: *Екі арыстан алысты.* **IV** Айдалада шуақта Бекем үстап белдерін, Бастарын байлан *байраққа*. **IV** метафора. Бәйгедегі асыл арғымаққа мәрекеге тез жету үшін айтылған демеу сөз. М: *Сен болсаң асыл*

арғымак, Бәйгеде түрган мен байрақ. Қазақ тілінің сөздігінде «байрақ», «байрақты» сөздеріне анықтама берілген: **Байрақ** – жалау, ту. **Ала байрақ** (көне) – сыртқиімдік жолақ мата, кездеме. **Байракты** – 1) байрагы бар, байрақ тігілген; 2) Ауыс. таңдаулы, жақсы (Қазақ тілінің сөздігі. 2008). Осы сиякты казақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде де екі сөздің мағынасы айтылған: **Байрақ** – шағын мөлигерде істелген жалау; **Байракты** – сын. байрагы бар, байрақ ұстаган (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2008). Көне түркі жазулатының ескерткіштерінде **батрақ** (учига маҳсус ипаклик осилған еғочки аскар жанда шу билан узини белгили қиласы) ұшына ерекше жібек ілінген агаши, әскер ұрыста өзін осымен белгілі қылады (Арабско-русский словарь. 1958) – деген көрсетеді.

Сөздікте берілген **ала байрақ** – мата-кездеме атауы. Ал қазіргі тіл колданысында **көк байрақ** тіркесі кездеседі. **«Көк байрақ»** – мұнда тудың матасының түсі көк болғандықтан, **көк** сын есімі **байрақ** зат есімімен тіркесіп келіп заттанып кетіп отыр. Бұған бір мысал, 2008 жылғы тамыз айында шықкан «Сыр бойы» басылымында **«Байракты** бәсекедегі толағай табыс болашақта биік белестерге бастайды» деген атпен жазылған мақалада зіл темір көтеруден екі дүркін әлем чемпионы Илья Илиннің сөйлеген сөзі:

Құрметті жерлестер!

Мен олимпиада түгірінде біздің еліміздің әңұраны шырқалып, Қазақстанның **көк байрагы** көтерілгенде өзімнің Отанымға және халқыма деген айрықша мақтанды сезімде болдым (Сыр бойы. 2008).

Аталған деректердегі аталымға уәж болған негізгі ерекшелік касиеті, олардың матадан жасалып, агаши сапқа орнатылуы, және олардың биіктегі түру қызметін атқарады, яғни ономасиологиялық белгісі уәжі және аталымның жасалуында ішкі мағыналық үйлесімі мағына мен түрпattyң қалыптасуына, сөйтіп, аталымның таңбалануына себеп болған.

Сондай-ақ, Нұртуған мен Ерімбет қазақтың өткен ғасырлардағы заң жүйесін әңгіме еткен жырларында **жарғы//шарғы** (Жеті жарғы) термині еркін колданады. Мысалы, Зор дөһімет мұнан кейін тағы да бар, Қоспастай мерекеге әмір, **жарғы-ақ** (Ерімбет). Арам жеген «ардақты» Құрсақтары салынып. Мен-зең болып манаурап, **Заң-шарғыдан** жаңылып (Нұртуған). Мұндағы **«жарғы»** термині казақ қоғамының әкімшілік заңдарының жинағы деген мағынада колданылып тұр. «Жарғы» көнерген аталымын казіргі беттерінде де кездестіруге болады.

2008 жылды шықкан «Жас қазақ» газетінде «Жарғыны жырткан Мергенов» деген атпен мақала жарияланған. Онда: Аманdos Ақанов бастаған топ, одактың **жарғысын** аяқ асты *emin*, суретшілердің құқығын табанға таптап отырған Мергеновты сотқа бермекші. Қазақстан суретшілер одагы қазір адасып жүр, өзінің **жарғысы** бойынша 100 пайыз жұмыс істеп отырған жоқ, – деді Айнабек Мыңжасарұлы (Жас Қазақ. 2008).

Қазақ тілінің сөздігінде «жарғы» сөзінің екі мағынасы түсіндірліген: **I Жарғы** – көне. Қазақ қоғамының әкімшілік заңдарының жинағы. **II Жарғы** – белгілі бір ұйымды құрудың, ұйымдастырудың, оның тәртіпперінің ережелер жинағы (Қазақ тілінің сөздігі. 2008). Келтірілген деректердегі аталымның жасалуына заң, ереже – уәжділік негіз болған.

Мысалы, Кебенек ерді танытпас, Топқа түсін сыйналмай. Дауымыз біздің біттей тұр, Бір-бірімізден **құн алмай...** (Нұртуған), – деген өлең жолдары кездеседі. Бұл үзіндідегі **құн** – *kisi* өлтірген үшін айыпкердің не оның руының мал басымен беретін төлемі мәнінде болса, қазір экономикалық термин ретінде қалыптаскан. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде «құн» сөзінің екі мағынасы түсіндірліген: **I Құн** – тарихи. ерте кезде *kisi* өлтірген адам тарапынан төленетін айып мал; төлем; **II Құн** – экон. тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория; белгілі бір затқа тән бага, нарық (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2008).

VI Халықаралық конференция

«Егемен Қазақстан» газетінде мынадай мәтін бар: «Тауарлар импорттың қосылған құны салығынан босату ережелерін бекіту ережесі «Салық және бюджетке толенетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық Кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) 255-бабының 2-тармагына сәйкес әзірленді және тауарлар иморттың қосылған құны салығына босату тәртібін айқындауды (Егемен Қазақстан. – 2009). Бұл үзіндіде «құны» көнерген аталымның туынды мағынасымен, яғни белгілі затка берілген баға мәнінде қолданылып тұр. Парсы тілінде *хүн* – *қан* деген сөз (Персидско-русский словарь. 1960). Сұлтан билеген кезде ескі тәртіп үстемдік етті. Кісі қолынан біреу каза тапса қанды қанмен жуып өлтірген жақтан да адам өлеңтін болған. Бірақ кейінгі кезде өлген адамның қанының бағасын төлеуге де мүмкіндік берді. Осыны құны дейді. «Қан бағасы» деген ұғым. Келтірілген тілдік деректердегі аталымға уәж болған ортақ белгісі төлем немесе *баға* (нарық) негіз (уәж) болған.

Сонымен қатар Нұртуғанның «Мәулімніяз–Едіге» дастанында мынадай жолдар кездеседі: Артыңан барған Жанбайға, Өкпелепсің хандарға. *Халық-қалия, қарындас, Жасы жеткен шалдарға*. Нұртуған *қарындас* сөзінің көнерген мағынасын 2–3 жерде қолданып, бұл атауды туысқан, ағайын, бір жұрттың (рудың, тайпаның) адамы сөздерінің синонимі ретінде келтіреді. «*Қарындас*» сөзінің көне мағынасын басқа ақын-жыраулар шығармаларынан да көре аламыз. М: Тар қолтықтан оқ тисе, Тарықанда қайрылар *Қарындасым менде жоқ*, – (Махабет). Жайыңды білген *қарындас*, ол *қарындас* әм жолдас (Шалқиіз).

Қазақ тілінің сөздігінде осы түбірге қатысты үш түрлі мағынасы көрсетілген: I *Қарындас* – зат. бірге тұган ағасынан жасы кіши қызы; II *Қарындас* – жасы үлкен адамның айтатын қаратта сөзі; III *Қарындас* – көне. ағайын-тұған, бауыр (Қазақ тілінің сөздігі. 2008). Көне түркі тілінде, ежелгі казақ тілінде, казіргі кейбір түркі тілдерінде бұл түбір «туысқан, бір тектен шықкан адамдар» мәнін білдіреді. Дегенмен, *қарындас* сөзінің о бастағы «агайын, туысқан» мағынасы – өткен ғасырда қазақ тілінде жоғала бастаған құбылыс, оның орнын соңғы мағыналар ығыстыра бастады да, *қарындас* варианты осы күнгі «бірге тұган кіши қыздың ағасына туыстық қатынасын», болмаса «жасы үлкен ер адамның әйел балаша айтатын қаратта сөзін» білдіріп, мағынасы тарылған. «*Қарындас*» сөзінің «агайын, туысқан» мағынасы макал-мәтедерде сакталған. Мысалы, «Ауру – астан, дау – қарындастан», «*Қарындасың* жоқ болса, жауда калар жалғыз бас». Жоғарыда келтірілген деректерде «*қарындас*» аталымының ортақ белгісі *туыс адамға қатысты айтылуы* негізгі уәж болған.

3. Қорытынды

Корыта келгенде, көнерген аталымның ішкі мағыналық құрылымы мен уәжділігі арасындағы гносеологиялық түрғыдан да, колданыс түрғысынан да елеулі айырмашылық бар:

- тіл арқылы аталатын заттың немесе құбылыстың белгілерін белгілеу актісі арқылы жаңа аталымды жасауга қатысатын тілдік бірліктер; ішкі мағыналық құрылым – негіз, уәжділік – көнерген аталымының туынды мағынасын қалыптастыратын үрдіс, ол – сөзжасамның нәтижесі.
- ішкі мағыналық құрылым – кез келген көнерген аталымының жүйелі сипаты. Уәжділік сөзжасамда қосымша сипат алады, яғни уәжділік бірде бар, бірде жоқ.
- көнерген аталымдардың уәжділігі – ішкі мағыналық құрылым мен мағынаның арасындағы аракатынастың нәтижесі.
- көнерген аталымының уәжділігі синхрония құбылысы, ал ішкі мағыналық құрылым – тілдік бірліктердің түптөркінін (этимонын) ашуға мүмкіндік жасайды.